

## 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанда кезекті шақыру жасындағы азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру туралы

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 18 мамырдағы N 122 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 30 мамырда N 7-9-83 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 11 қаңтардағы N 4 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы әкімдігінің 2010.01.11 N 4 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңдарының, Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N 779 Жарлығын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 сәуірдегі "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі N 779 Жарлығын іске асыру туралы" N 543 қаулысына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтар 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақырылсын.

2. Аудандық әскерге шақыру комиссиясының құрамы (1 қосымшаға) сәйкес құрылсын. Аудандық әскерге шақыру комиссиясының құрамында аудандық медициналық комиссия құрылсын.

3. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі (2 қосымша) бекітілсін.

4. Селолық округ әкімдері азаматтарды толық әскери қызметке

шақырушыларды әскер қатарына жөнелту үшін уақытында қорғаныс істері жөніндегі бөлімге жеткізуді қамтамасыз етсін.

5. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің сұранысына қажетті қоғамдық қызметкерлермен қамтамасыз етсін.

6. Батыс Қазақстан облысының әкімдігі Денсаулық сақтау басқармасының " Қаратөбе аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорына (келісім бойынша):

1) шақыру кезеңіне арнап қажетті мөлшерде жоғары білікті тәжірибелі дәрігер-мамандар, медбикелер бөлсін және қорғаныс істері жөніндегі бөлімді медициналық жабдықтармен, аспаптармен қамтамасыз ету ұсынылсын;

2) шақыру комиссияларымен емдеу мекемелеріне жіберілген шақырылушылардың стационарлық және емханалық тексерулерін және емделуін қамтамасыз ету ұсынылсын.

7. Аудандық ішкі істер бөлімі (келісім бойынша) шақыру пунктінде әскерге шақырылушы азаматтардың қоғамдық тәртіпті сақтауын қамтамасыз ету ұсынылсын.

8. Аудандық қаржы бөлімі азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру, азаматтарды әскери бөлімшелерге алдыру жөніндегі шараларды орындауға қатысты шығындарға, аудандық бюджеттен қаралған қаражатын бөлсін.

9. Аудан әкімінің орынбасары А.Бралиевке осы қаулының орындалуын бақылау жасау жүктелсін.

10. Осы қаулы 2009 жылғы 17 сәуірден туындаған құқықтық қатынастарға қолданылатын аталған қаулының 1, 2, 3, 5, 8 тармақтарын қоспағанда, ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

№ 1 - қосымша  
Аудан әкімдігінің  
2009 жылғы 18 мамырдағы  
№ 122 қаулысымен бекітілді

**Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы әкімдігінің 2009.09.04 № 154 Қаулысымен.**

**Аудандық әскерге шақыру комиссиясының  
құрамы**

Қожанғалиев Абай Ізімғалиұлы – аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы,

Бойынша)  
Бралиев Абзал Серікұлы  
орынбасары

шақыру комиссиясының  
төрағасы (келісім  
– аудан әкімінің  
орынбасары, комиссия  
төрағасының

### **Комиссия мүшелері:**

Жанғазиев Талғат Мерекеұлу

- аудандық ішкі істер  
бөлімі бастығының  
орынбасары (келісім

бойынша)

Алтаев Қайырбай Ердосбайұлы

– "Қаратөбе аудандық  
орталық ауруханасы"  
мемлекеттік  
коммуналдық қазыналық  
кәсіпорын директоры,  
медициналық  
комиссияның төрағасы

(келісім бойынша)

Оразов Нұрлан Жақанұлы

– аудандық ішкі саясат  
бөлімінің меңгерушісі,

комиссия хатшысы

### **Аудандық әскерге шақыру комиссиясының (резервтік) құрамы**

Елбаев Асқар Амангельдиевич

- аудандық қорғаныс  
істері жөніндегі  
бөлімінің әскери  
қызметшілерді келісім  
шарт, әскери шақыру  
бөлімшесінің бастығы,  
шақыру комиссияның  
төрағасы (келісім

бойынша)

Омаров Айбат Шайжанұлы

- аудандық дене  
шынықтыру және спорт

бөлімінің меңгерушісі,  
шақыру комиссиясының  
төрағасының

орынбасары

**Комиссия мүшелері:**

Сериков Абылай Серикович - аудандық ішкі істер  
бөлімінің бастығының  
орынбасары (келісім

бойынша)

Елеусинова Венера Жаукеновна - "Қаратөбе аудандық  
орталық ауруханасы"  
мемлекеттік  
коммуналдық қазыналық  
кәсіпорын директорының  
орынбасары (келісім

бойынша)

Нұрмағамбетов Берік Базарұлы - аудандық қаржы  
бөлімінің меңгерушісі,  
комиссия хатшысы

**Аудандық медициналық комиссия құрамы:**

Дәрігер-мамандар:

Хирург

Көз дәрігері

Психиатр

Тіс дәрігері

Дәрігер-дерматолог

Дәрігер-невропатолог

Дәрігер-рентгенолог

Рентген-лаборант

Терапевт

Орта буын медицина қызметкерлері:

Медбике, комиссия хатшысы

Медбике

Медбике

N

2 - қосымша

Аудан

әкімдігінің

№ 122 қаулысымен бекітілді

Ескерту. 2 қосымша жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы әкімдігінің 2009.09.04 № 154 Қаулысымен.

**Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі**

N	Қорғаныс істері жөніндегі бөлім	сәуір	мамыр	маусым	қазан	қараша	желтоқсан
1	Қорғаныс істері жөніндегі бөлім	17, 18, 21, 22, 23, 24, 25, 28, 29, 30	2, 3, 5, 7, 12, 14, 16, 20, 22, 26, 28, 30	3, 2, 4, 6, 8, 13, 9, 15, 11, 19, 13, 21, 17, 23, 19, 27, 23, 29, 25, 27, 30	3, 2, 4, 6, 7, 9, 10, 13, 15, 17, 20, 22, 24, 26, 28, 30, 31	1, 2, 3, 5, 7, 8, 10, 13, 14, 16, 17, 18, 20, 21, 22, 23, 24, 27, 29, 28	4, 1, 3, 4, 5, 8, 9, 10, 11, 12, 15, 17, 18, 19, 20, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 29